

Қатысушылардың 2026 жылғы
«23» маусым кезектен жалпы
жиналысында
БЕКІТІЛГЕН

УТВЕРЖДЕН
на общем собрании участников
«23» июня 2026 года



**«ЕСЖ клиринг орталығы»
Жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің
ЖАРҒЫСЫ**

**УСТАВ
Товарищества с ограниченной
ответственностью
«Клиринговый центр ЕТС»**

Қазақстан Республикасы,
2026 жыл
Республика Казахстан,
2026 год

1-бап. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1. «ЕСЖ клиринг орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған және тіркелген заңды тұлғаның осы жарғысы, оның бастапқы мемлекеттік тіркелген күні: 03.08.2009 жыл, БСН: 090840000906, бұдан әрі «Серіктестік» деп аталатын, серіктестіктің құқықтық мәртебесін айқындайтын құжат болып табылады.
- 1.2. Серіктестіктің орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 050051, Алматы қаласы, Достық даңғылы 136.
Көрсетілген орналасу орны Серіктестіктің нақты мекенжайы болып табылады.
- 1.3. **Серіктестіктің толық фирмалық атауы:**
 - қазақ тілінде: «ЕСЖ клиринг орталығы» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;
 - орыс тілінде: Товарищество с ограниченной ответственностью «Клиринговый центр ЕТС»;
 - ағылшын тілінде: Clearing house ETS Limited Liability Partnership.
- 1.4. **Серіктестіктің қысқартылған фирмалық атауы:**
 - қазақ тілінде: «ЕСЖ КО» ЖШС;
 - орыс тілінде: ТОО «КЦ ЕТС»;
 - ағылшын тілінде: CH ETS LLP.
- 1.5. Серіктестік шектеусіз мерзімге құрылған.
- 1.6. Серіктестік орташа кәсіпкерлік субъектісі болып табылады.
- 1.7. Серіктестіктің қатысушылары:
 - 1) **Жеке компания QazX Ltd.**, БСН 221140900414, Заңды мекенжайы: 010000, Астана қ., Мәңгілік Ел даңғылы, 55/21 ғимарат, 353-кеңсе, «ForteBank» АҚ-ның Алматы қаласындағы филиалы, БИК IRTYKZKA, ЖСК KZ9696502F0017723511, Жарғы негізінде әрекет ететін Бас атқарушы директор Р.Н. Мұхамедов тұлғасында — **жарғылық капиталдағы үлесі 54,4%-ды құрайды,**
 - 2) **Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «Stock Holding»**, БСН 180540003205, Заңды мекенжайы: 050008, Алматы қ., Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 68/74 үй, 423, «Bereke Bank» АҚ-ның Астана қаласындағы филиалы, БИК: BRKEKZKA, ЖСК: KZ30914012203KZ00HNV, Жарғы негізінде әрекет ететін Директор А.Н. Орынбаева тұлғасында — **жарғылық капиталдағы үлесі 45,6%-ды құрайды,**
бұдан әрі бірігіп «Қатысушылар» деп, ал жеке-жеке «Қатысушы» деп аталады.

2-бап. СЕРІКТЕСТІКТІҢ ЗАҢДЫ МӘРТЕБЕСІ

- 2.1. Серіктестік жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің ұйымдастыру - құқықтық нысанында құрылған және өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасы мен осы жарғыға сәйкес жүзеге асырады.
- 2.2. Серіктестік заңды тұлғаның құқығына мемлекеттік тіркеуге алынған сәттен бастап ие болды.
- 2.3. Серіктестіктің құқығы:
 - 2.3.1. өз атынан мәмілелер жасау, мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарға ие болу, міндеттерді атқару, сотта талапкер және жауапкер болу;
 - 2.3.2. Қазақстан Республикасында және одан тысқары жерлерде заңды тұлғалардың мүлкіндегі үлестерді, жылжымайтын мүлікті (ғимараттарды, құрылыстарды, жер тілемдерін және т.б.), бағалы қағаздарды, өнеркәсіптік үлгілерді, өнертабыстарды, пайдалы үлгілерді, ақпаратты, сондақ-ақ ғылыми-техникалық ақпаратты, сонымен қатар кез-келген өзге мүлік пен басқа да мүліктік құқықтарды сатып алу;
 - 2.3.3. Қазақстан Республикасының аумағында және шетелдерде филиалдар мен өкілдіктерді құру, өзге заңды тұлғалармен бірлестіктерге (одақтарға) кіру, сонымен қатар өзге заңды тұлғалардың құрылтайшысы болу;
 - 2.3.4. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес меншік құқығы бойынша өзіне тиесілі мүлік пен мүліктік құқықтарды сату, айырбастау, жалға өткізу, уақытша пайдалануға беру (ақылы, ақысыз) және қарызға беру немесе басқа да жолмен өкімдік ету;
 - 2.3.5. дербес балансқа ие болу, сонымен қатар заңнамамен белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасындағы және одан тыс жерлердегі банктерде шоттар ашу.

- 2.4. Серіктестік өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі бүкіл мүлкімен жауап береді.
- 2.5. Серіктестіктің фирмалық атауы, ұлттық және (немесе) шетелдік валютадағы банктік шоттары, сонымен қатар мөрі бар. Серіктестіктің мөртаңбалары, фирмалық бланкілері, өз фирмалық символикасы, мемлекеттік, орыс, ағылшын және басқа тілдердегі өзге рәміздері болуы мүмкін.
- 2.6. Серіктестік жарғылық капиталға салым, мүлік ретінде салған мүлік пен ақшаның, өз шаруашылық қызметі нәтижесінде алған мүліктің, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге негіздемелер бойынша сатып алған мүліктің меншік иесі болып табылады.
- 2.7. Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайларды қоспағанда, Қатысушылар Серіктестіктің міндеттемелері бойынша жауап бермейді, ал Серіктестік Қатысушылардың міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

3-бап. СЕРІКТЕСТІК ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҚСАТЫ ЖӘНЕ ТҮРЛЕРІ

- 3.1. Серіктестікті құрудың мақсаттары:
- 3.1.1. Қатысушылардың мүддесінде Серіктестіктің қызметінен пайда алу;
- 3.1.2. Қазақстан Республикасының заңнамасы мен осы жарғыға қайшы келмейтін басқа да мақсаттар.
- 3.2. **Серіктестікті құрудың негізгі мақсаттары мыналар болып табылады:**
- ✓ тауар биржалары саласындағы клирингтік қызметпен айналысу, соның ішінде тауарлармен жасалған мәмілелерден туындайтын тараптардың өзара талаптары мен міндеттемелерін сынаққа жатқызуды жүргізу;
 - ✓ Қазақстан экономикасына мониторинг және талдау жүргізу;
 - ✓ тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді тұтыну нарықтарын зерттеу;
 - ✓ халыққа көліктік қызметтер көрсету, соның ішінде жүктер мен жолаушыларды тасымалдау;
 - ✓ көліктік-экспедициялық қызмет көрсету және жүктерді тасымалдау;
 - ✓ қоғамдық тамақтану пункттерін: мейрамханалар, дәмханалар, кафетерийлер, барлар, жазғы алаңдар және т.б. ашу;
 - ✓ кәсіпорындар мен жеке тұлғаларға қызмет салаларын және бірлескен кәсіпорындар құру, шетелдік байланыстарға шығу және сыртқы экономикалық қызметті жүргізу үшін серіктестер іздеуде көмек көрсету;
 - ✓ компанияларды, ұйымдарды және мекемелерді басқару бойынша стратегиялық жоспарларды әзірлеу;
 - ✓ халыққа, басқа да кәсіпорындарға, мекемелерге, ұйымдарға, соның ішінде шетелдік ұйымдарға ақылы ақпараттық, консультациялық, маркетингтік, инжинирингтік, ендірмелі, жарнамалық, делдалдық және басқа да жұмыстар мен қызметтер көрсету, сондай-ақ экономика, құқық және менеджмент саласында аталған қызметтерді көрсету бойынша орталықтар, бюролар мен агенттіктер құру;
 - ✓ халыққа сервистік қызметтер көрсету;
 - ✓ құрылыс жұмыстарын жүргізу, соның ішінде жобалау, құрылыс-монтаждау, жөндеу-құрылыс, әрлеу және т.б. жұмыстар;
 - ✓ жөндеу-техникалық және кепілдік қызмет көрсету;
 - ✓ заңды тұлғалар мен азаматтардың атынан өкілдік ету бойынша агенттік қызметтер;
 - ✓ жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар, соның ішінде жылжымайтын мүлік объектілерін сатып алу, сату, жалға беру, жылжымайтын мүлікті басқару;
 - ✓ Серіктестіктің жарғылық мақсаттарын іске асыру үшін қолданыстағы заңнамаға сәйкес сыртқы экономикалық қызметтің барлық нысандары мен түрлерін жүзеге асыру, соның ішінде экспорттық-импорттық операциялар;
 - ✓ Серіктестік Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен тыйым салынбаған қызметтің басқа да түрлерін жүзеге асыруға құқылы.
- 3.3. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қайсы бір қызмет түрін немесе әрекеттерді (операцияларды) жүзеге асыру үшін рұқсат алу немесе хабарландыру тәртібі белгіленген болса, Серіктестік осы рұқсаттарды алуы тиіс және олар күшке ие болуы тиіс, ал хабарландыруларды Серіктестік көрсетілген қызметті немесе әрекеттерді (операцияларды) жүзеге асыра бастағанға дейін жолдауы тиіс.

4-бап. СЕРІКТЕСТІККЕ ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

4.1. Серіктестікке Қатысушылардың құқығы:

- 4.1.1. Серіктестіктің қызметі туралы ақпарат алу және осы жарғыда белгіленген тәртіппен оның бухгалтерлік және басқа да құжаттарымен танысу;
- 4.1.2. Қазақстан Республикасының заңнамасына, осы Жарғыға және Қатысушылардың жалпы жиналысының шешімдеріне сәйкес Серіктестіктің қызметінен табыс алу;
- 4.1.3. Серіктестіктің таза табысын бөлу немесе таратпау;
- 4.1.4. Серіктестік таратылған жағдайда Серіктестіктің жарғылық капиталына салған салымдарына тепе-тең түрде кредит берушілермен есеп айырысқаннан кейін қалған мүліктің бір бөлігінің құнын немесе осы мүліктің бір бөлігін заттай алуға;
- 4.1.5. Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған тәртіппен өз үлесін иеліктен шығару арқылы Серіктестікке қатысуын тоқтату;
- 4.1.6. Серіктестік органдары қабылдаған Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) осы жарғыда қарастырылған олардың құқықтарын бұзатын шешімдерін сот тәртібімен даулау.
- 4.1.7. Серіктестікке Қатысушылардың Қазақстан Республикасының заңнамасында және Серіктестіктің құрылтай құжаттарында қарастырылған басқа да құқықтары болуы мүмкін.

4.2. Серіктестікке Қатысушылардың міндеттері:

- 4.2.1. Осы жарғы мен құрылтай шартының ережелерін сақтауға;
- 4.2.2. Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы жарғы мен Қатысушылардың жалпы жиналысының шешімдерінде қарастырылған тәртіппен, мөлшерде және мерзімде Серіктестіктің жарғылық капиталына салым салу;
- 4.2.3. Серіктестік коммерциялық құпия деп жариялаған мәліметтерді жарияламау;
- 4.2.4. Серіктестіктің атқарушы органына осы жарғының 1.7 тармағында көрсетілген өздері туралы мәліметтердің өзгергені туралы жазбаша хабарландыру.
- 4.2.5. Серіктестікті басқаруға қатысу.
- 4.2.6. Серіктестікке Қатысушылардың Қазақстан Республикасының заңнамасында және Серіктестіктің құрылтай құжаттарында қарастырылған басқа да міндеттерді арқалауы мүмкін.

5-бап. СЕРІКТЕСТІКТІҢ ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛЫ

- 5.1. Серіктестіктің жарғылық капиталы Қатысушылардың ақшалай нысанда салым салуы арқылы құрылған. Сонымен қатар заттай нысанда және мүліктік құқықтар түрінде салымдар енгізуге жол беріледі.
- 5.2. Жарғылық капитал **30 315 600 (отыз миллион үш жүз он бес мың алты жүз) теңгені** құрайды және осы Жарғыны бекіту күніне толық төленген.
- 5.3. Қатысушылардың жарғылық капиталдағы үлестері және сәйкесінше олардың Серіктестік мүлкінің құнындағы үлестері жарғылық капиталдағы салымдарына тепе-тең және пайызда көрсетіледі.
Қатысушылардың Серіктестіктің жарғылық капиталына салымдары және олардың Серіктестіктің жарғылық капиталы мен мүлкінің құнындағы қатысу үлестері келесі түрде бөлінеді:

Қатысушылар	Серіктестіктің жарғылық капиталына салым мөлшері	Серіктестіктің жарғылық капиталы мен мүлкінің құнындағы қатысу үлесі
1-қатысушы Жеке компания QazX Ltd.	16 491 687 (он алты миллион төрт жүз тоқсан	54,4%

	бір мың алты жүз сексен жеті) теңге	
2-қатысушы Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «Stock Holding»,	13 823 913 (он үш миллион сегіз жүз жиырма үш мың тоғыз жүз он үш) теңге	45,6 %
БАРЛЫҒЫ:	30 315 600 (отыз миллион үш жүз он бес мың алты жүз) теңге	100 %

- 5.4. Серіктестіктің жарғылық капиталын Қатысушылар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Серіктестіктің құрылтай құжаттарына сәйкес құрады.
- 5.5. Серіктестіктің жарғылық капиталын азайту немесе арттыру Қазақстан Республикасының заңнамасы мен осы жарғыда қарастырылған тәртіппен және жағдайларда жүргізіледі.
- 5.6. Жекелеген қатысушылардың немесе жаңадан қабылданатын қатысушының (қабылданатын қатысушылардың) қосымша салым салуы арқылы Серіктестіктің жарғылық капиталын арттыру туралы шешім барлық қатысушылардың ортақ келісімі бойынша ғана қабылдануы мүмкін.
- 5.7. Қазақстан Республикасының заңнамасында өзге жағы белгіленбейтін болса және (немесе) Қатысушылардың жалпы жиналысымен қабылданбайтын болса, Серіктестіктің жарғылық капиталын арттыратын кезде салымдарды салу мерзімі жарғылық капиталды арттыру туралы шешім қабылданған сәттен бастап 1 (бір) жылдан аспауы тиіс. Бұл ретте Серіктестіктің жарғылық капиталы ұлғайтылатын соманың кемінде 50 % (елу пайызы) Серіктестіктің жарғылық капиталының ұлғайтылатыны туралы Серіктестік өзінің мемлекеттік тіркеуін жүзеге асырған органға хабарлайтын сәтте енгізілуі тиіс.

6-бап. СЕРІКТЕСТІКТІҢ МҮЛКІ

- 6.1. Серіктестіктің мүлкін оның негізгі қорлары мен айналымдағы қаражаты, сонымен қатар құны Серіктестіктің дербес балансында көрсетілетін өзге мүлік құрайды.
- 6.2. Серіктестіктің мүлкі оның Қатысушыларының салымдары, Серіктестіктің алған табысы, Серіктестіктің өндірген өнімі есебінен, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған басқа да көздердің есебінен құрылады.
- 6.3. Серіктестіктің болжамды залалдарын өтеу үшін сақтық қоры құрылуы мүмкін. Сақтық қорын құру туралы және оның мөлшері туралы шешімді Серіктестікке Қатысушылардың жалпы жиналысы қабылдайды. Залалдарды өтеу үшін сақтық қорының қаражаты жетіспеген жағдайда оларды өтеу көздері туралы шешімді Қатысушылардың жалпы жиналысы қабылдайды.
- 6.4. Серіктестікте өзге қорларды құру тәртібі Қатысушылардың жалпы жиналысымен және Серіктестіктің ішкі құжаттарымен белгіленеді.
- 6.5. Серіктестіктің Қатысушылардың жалпы жиналысының рұқсатынсыз өз мүлкін үшінші тұлғалардың сенімді басқаруына табыстауға құқығы жоқ.

7-бап. СЕРІКТЕСТІКТІҢ ОРГАНДАРЫ

- 7.1. Серіктестіктің органдары:
- 7.1.1. Серіктестіктің жоғарғы органы - бұдан әрі «**Жалпы жиналысы**» деп аталатын Қатысушылардың жалпы жиналысы.
- 7.1.2. Дара атқарушы органы — Серіктестіктің Бас директоры, бұдан әрі «**Бас директор**» деп аталады.
- 7.2. Жалпы жиналысының шешімі бойынша Серіктестікте бақылаушы орган-тексеру комиссиясы (тексеруші) құрылуы мүмкін.

8-бап. ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ

- 8.1. Жалпы жиналысының айрықша құзіретіне мыналар жатады:

- 8.1.1. Серіктестіктің жарғысын өзгерту, сонымен қатар оның жарғылық капиталының мөлшерін, орналасқан жері мен фирмалық атауын өзгерту немесе Серіктестіктің жарғысын жаңа редакцияда бекіту;
- 8.1.2. Директорды тағайындау, оның уәкілеттік мерзімін белгілеу және уәкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 8.1.3. Серіктестікті немесе оның мүлкін сенімді басқаруға табыстау туралы шешім қабылдау және осындай табыстау талаптарын белгілеу;
- 8.1.4. Серіктестіктің бақылау кеңесінің уәкілеттігін сайлау және мерзімінен бұрын тоқтату, бақылау кеңесінің сандық және жеке құрамын, уәкілеттік мерзімін белгілеу және оның уәкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, бақылау кеңесінің төрағасын сайлау, бақылау кеңесінің мүшелеріне сыйақы мен өтемақы төлеу талаптарын және олардың мөлшерін белгілеу;
- 8.1.5. Серіктестіктің тексеру комиссиясының (тексерушінің) уәкілеттіктерін сайлау және мерзімінен бұрын тоқтату, Тексеру комиссиясының сандық және жеке құрамын, уәкілеттік мерзімін белгілеу және оның уәкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, тексеру комиссиясының төрағасын сайлау немесе Серіктестікте тексерушіні тағайындау, оның уәкілеттік мерзімін белгілеу және оның уәкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сонымен қатар Серіктестіктің тексеру комиссиясының (тексерушінің) есептері мен қорытындыларын бекіту.
- 8.1.6. Серіктестіктің жылдық қаржы есептілігін бекіту, Серіктестіктің таза табысын бөлу тәртібі туралы шешім қабылдау, сонымен қатар Қатысушыларға дивиденд төлемі туралы шешім қабылдау;
- 8.1.7. Серіктестіктің филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу (жою) туралы шешім қабылдау;
- 8.1.8. Серіктестіктің өзге заңды тұлғаларға, сонымен қатар коммерциялық емес ұйымдарға қатысуы туралы шешім қабылдау;
- 8.1.9. Серіктестіктің өзіне тиесілі акцияларды, заңды тұлғалардың жарғылық капиталындағы қатысу үлестерін иеліктен шығару туралы шешім қабылдау;
- 8.1.10. Серіктестікті қайта құру немесе тарату туралы шешім қабылдау;
- 8.1.11. Серіктестіктің бүкіл мүлкін кепілге беру туралы шешім қабылдау;
- 8.1.12. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Серіктестікке Қатысушының үлесін күштеп сатып алу туралы шешім қабылдау;
- 8.1.13. Серіктестіктің мәміле жасасуын немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес танылатын өзара байланысты мәмілелер жиынтығын мақұлдау туралы шешім қабылдау ("жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы" ҚР Заңында белгіленген осы терминнің мағынасында), нәтижесінде серіктестік құны Серіктестік активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің 51 (елу бір) және одан да көп пайызын құрайтын мүлікті иеліктен шығарады (иеліктен шығаруы мүмкін);
- 8.1.14. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Серіктестіктің мүлкіне қосымша жарналар салу туралы шешім қабылдау;
- 8.1.15. Серіктестіктің сақтық және басқа да қорларын құру туралы, оларды құру және пайдалану тәртібі туралы шешім қабылдау;
- 8.1.16. тарату комиссиясын тағайындау, оның сандық және жеке құрамын, тарату комиссиясы мүшелерінің уәкілеттігі мен оларға төленетін сыйақы мөлшерін белгілеу, тарату комиссиясының төрағасын сайлау және тарату баланстарын бекіту;
- 8.1.17. Бекітуі осы жарғымен Серіктестіктің өзге органдарының құзіретіне жатқызылған құжаттарды қоспағанда, ішкі ережелерді, оларды қабылдау рәсімдері мен Серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекіту;
- 8.1.18. Серіктестікке Қатысушыларға және үлестерді сатып алушыларға Серіктестіктің қызметі туралы құжаттар мен ақпаратты ұсыну тәртібі мен мерзімдерін бекіту;
- 8.1.19. Шешімі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен және осы жағымен Жалпы жиналысының айрықша құзіретіне жатқызылған басқа да мәселелер.

- 8.2. Жалпы жиналысы осы жарғыда құзіретінің қалай белгіленгеніне қарамастан Серіктестіктің қызметімен байланысты кез келген мәселені өз қарауына алуға құқылы.
- 8.3. Серіктестікке Жалпы жиналысы Серіктестіктің ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша Серіктестіктің өзге органдарының кез келген шешімін ауыстыруға құқылы.
- 8.4. Жалпы жиналыс өзінің айрықша құзіретіне жатпайтын өкілеттіктерді Директорға табыстауға құқылы.
- 8.5. Жалпы жиналысты шақыратын Орган немесе тұлға (тұлғалар) жиналыс ашылғанға дейін 7 (жеті) күннен кешіктірмей оның өткізілгені туралы әрбір қатысушыға 1.7-тармақта көрсетілген мекенжай бойынша жазбаша хабарлауға міндетті. осы Жарғының.
- 8.6. Кез келген Қатысушы Жалпы жиналысының күн тәртібі бойынша өз ұсыныстарын ол ашылғанға дейін 5 (бес) күннен кешіктірмей енгізуге құқылы.
- 8.7. Жалпы жиналысты шақыратын орган немесе тұлға (тұлғалар) келіп түскен ұсыныстарды қарастырып, жиналыс ашылғанға дейін 3 (үш) күннен кешіктірмей Жалпы жиналыстың күн тәртібіне оларды енгізу немесе енгізуден бас тарту туралы шешім қабылдауға міндетті. Серіктестікке қатысушылардың күн тәртібіне қатысты ұсыныстарын қабылдаған жағдайда Жалпы жиналысты шақыратын орган немесе тұлға (тұлғалар) Қатысушыларға күн тәртібіне өзгерістердің енгізілгені туралы хабарлауы тиіс, ал Қатысушылардың Жалпы жиналысының күн тәртібіне өзгерістерді немесе толықтыруларды енгізу ұсынысынан бас тартқан жағдайда оны мәлімдеушіге жиналыс ашылғанға дейін 2 (екі) күннен кешіктірмей одан бас тарту туралы уәжді жауап беруге міндетті
- 8.8. Жалпы жиналысты шақыратын орган немесе тұлға (тұлғалар) жиналыс ашылғанға дейін 5 (бес) күннен кешіктірмей жолданған Қатысушының талабы бойынша оған жиналыс ашылғанға дейін 2 (екі) күннен кешіктірмей жазбаша түрде күн тәртібіндегі барлық мәселе бойынша шешімдердің жобаларын, талқылауы күн тәртібіне енгізілген құжат көшірмелерін, сонымен қатар осы жарғыда немесе Серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін құжаттарда қарастырылған басқа да мәліметтерді жолдауға міндетті.
- 8.9. Жарғының осы бабының 8.8 тармағында көрсетілген құжаттар мен мәліметтер, сонымен қатар қаржы есептілігі мен ол бойынша тексеру комиссиясының (тексерушінің) қорытындысы және (немесе) есептік кезең ішіндегі аудиторлық ұйымның есебі Серіктестіктің барлық Қатысушыларының еркін танысуына Серіктестіктің атқарушы органының жайы ішінде Жалпы жиналыстың өткізілетіні туралы хабарландырған сәттен бастап, бірақ жиналыс ашылғанға дейін кемінде 2 (екі) күннен кешіктірмей ұсынылуы тиіс.
- 8.10. Серіктестіктің әрбір Қатысушысы Жалпы жиналысында дауыс беретін кезде Серіктестіктің жарғылық капиталындағы үлесіне сәйкес дауыс санына ие болады.
- 8.11. Қатысушылардың жалпы жиналысы, егер оған қатысып отырған немесе онда өкілдік ететін қатысушылар Серіктестік қатысушыларының жалпы дауыс санының жиынтығында $\frac{2}{3}$ (екіден үшін) астамына ие болса, заңды деп танылады, ал кворум шарттары сақталған деп есептеледі.
- 8.12. Жалпы жиналыстың күн тәртібіндегі барлық мәселелер бойынша шешімдер Жалпы жиналысқа қатысып отырған және онда өкілдік ететін Серіктестік қатысушыларының бірауыздан келісуімен қабылданады.
- 8.1.12. тармақ бойынша шешім қабылдау кезінде үлесі мәжбүрлі түрде сатып алынатын қатысушы дауыс беруге қатыспайды және оған тиесілі дауыстар саны есепке алынбайды.
- 8.13. Серіктестікке Қатысушы болып табылмайтын Бас директор Жалпы жиналысқа кеңес беруші дауыс құқығымен қатыса алады.
- 8.14. Жалпы жиналысын шақыру мен өткізудің өзге мәселелері Қазақстан Республикасының заңнамасымен, сонымен қатар Жалпы жиналысы бекіткен ішкі құжаттармен реттеледі.

9-бап. БАС ДИРЕКТОР

- 9.1. Бас директор Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы жарғыда көзделгендей Серіктестік қызметінің ағымдағы басшылығын және оның істерін жүргізуді жүзеге асырады. Бас директордың уәкілеттігі Жалпы жиналысының

- және/немесе Серіктестіктің өзге органдарының қызметіне қатысты мәселелерді қоспағанда, Серіктестіктің қызметіне қатысты барлық мәселені қамтиды.
- 9.2. Серіктестіктің Бас директоры Жалпы жиналысының шешімімен белгіленген, бірақ 5 (бес) жылдан аспайтын мерзімге тағайындалады және шектеусіз рет қайта тағайындалуы мүмкін. Серіктестіктің атынан Директормен еңбек шартын Жалпы жиналысымен уәкілеттендірілген тұлға жасайды.
- 9.3. Бас директор Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы жарғымен белгіленген өз уәкілеттігі шегінде Серіктестік қызметінің басшылығын жүзеге асырады, сонымен қатар:
- 9.3.1. Серіктестіктің мүдделерін танытады және Серіктестіктің атынан барлық әрекетті сенімхатсыз жүзеге асырады;
 - 9.3.2. Серіктестікті таныту құқығына, сонымен қатар қайта сеніп тапсыру құқығы бар сенімхаттарды береді;
 - 9.3.3. Жалпы жиналыс шешімдерін орындауды қамтамасыз етеді;
 - 9.3.4. Филиалдар мен өкілдіктер туралы ережелерді бекітеді және олардың басшыларын тағайындайды;
 - 9.3.5. Серіктестіктің ішкі құжаттарын (нұсқаулықтар, ережелер, регламенттер, ережелер және т.б.) бекітеді;
 - 9.3.6. Банктерде шоттар ашады, мәмілелер жасайды, көзделген мақсаттарды орындау үшін келісімдер мен шарттарды жасасады;
 - 9.3.7. Серіктестік қызметкерлерінің орындауына міндетті бұйрықтарды, өкімдер мен нұсқаулықтарды шығарады.
 - 9.3.8. Серіктестіктің қызметкерлерін қабылдау мен босатуды жүзеге асырады, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес олармен еңбек шарттарын жасасып, оларды бұзады, көтермелеу шараларын қолданады және Серіктестіктің қызметкерлерін тәртіптік жазаға тартады, еңбекақы төлемінің жүйесін белгілейді және сыйақы беру сұрақтарын шешеді.
- 9.4. Бас директорға тыйым салынады:
- 9.4.1. Жалпы жиналысының келісімінсіз Серіктестікпен одан мүлікті пайда алуға бағытталған мәмілелерді жасауға (сыйға тарту, қарыз, өтеусіз пайдалану, сатып алу-сату және т.б. шарттар);
 - 9.4.2. Серіктестіктің өзінен, сондай-ақ үшінші тұлғалардан Серіктестіктің үшінші тұлғалармен жасаған мәмілелері үшін комиссиялық сыйақы алуға;
 - 9.4.3. Серіктестікпен арақатынаста үшінші тұлғалардың атынан немесе олардың мүддесінде әрекет етуге;
 - 9.4.4. Серіктестіктің қызметімен бәсекеге түсетін кәсіпкерлік қызметі жүзеге асыруға;
- 9.5. Осы жарғының 9.4-тармағының 9.4.1.—9.4.3. тармақшаларымен қарастырылған шектеулер Бас директордың жұбайына, барлық үрім-бұтақ туыстарына, сондай-ақ тұған бауырлары мен апа-қарындастарына да таратылады.

10-бап.ТЕКСЕРУ КОМИССИЯСЫ (ТЕКСЕРУШІ)

- 10.1. Жалпы жиналысының шешімі бойынша Бас директордың қаржы-шаруашылық қызметінің бақылауын жүзеге асыру үшін Серіктестікте тексеру комиссиясы құрылады немесе тексеруші тағайындалады.
- 10.2. Серіктестіктің Тексеру комиссиясы кемінде 2 (екі) мүшеден тұрады.
- 10.3. Серіктестіктің Тексеру комиссиясының мүшелері (тексеруші) Жалпы жиналысының шешімімен белгіленген, бірақ 5 (бес) жылдан аспайтын мерзімге сайланады. Бас директор тексеру комиссиясының құрамына кіре алмайды немесе Серіктестіктің тексерушісі бола алмайды.
- 10.4. Жалпы жиналысының шешімі бойынша тексеру комиссиясының кез келген мүшесінің немесе бір уақытта барлық мүшелерінің не Серіктестіктің тексерушісінің уәкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін. Серіктестіктің Тексеру комиссиясының Төрағасын оның мүшелері қатарынан Жалпы жиналысында сайлайды.
- 10.5. Тексеру комиссиясы (тексеруші) кез келген уақытта Директордың қаржы-шаруашылық қызметінің тексерулерін жүргізуге құқылы. Тексеру комиссиясының мүшелері (тексеруші) осы мақсатта Серіктестіктің бүкіл ақпаратына сөзсіз қол жеткізу құқығына ие болады.

- 10.6. Серіктестіктің Тексеру комиссиясының (тексерушінің) талабы бойынша Бас директор қажетті түсіндірмелерді ауызша және жазбаша нысанда беруге міндетті.
- 10.7. Серіктестіктің Тексеру комиссиясы (тексеруші) міндетті тәртіппен Жалпы жиналысы бекіткенге дейін Серіктестіктің қаржы есептілігін тексереді.
- 10.8. Серіктестіктің Тексеру комиссиясының (тексерушінің) жұмыс тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы жарғымен және Жалпы жиналысы бекітетін Серіктестіктің тексеру комиссиясы (тексеруші) туралы Серіктестіктің құжаттарымен белгіленеді.

11-бап. СЕРІКТЕСТІККЕ ҚАТЫСУШЫЛАР МЕН ҮЛЕСТЕРДІ ИЕЛЕНУШІЛЕРГЕ СЕРІКТЕСТІКТІҢ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ ЖӘНЕ ҚҰЖАТТАРДЫ ҰСЫНУ ТӘРТІБІ МЕН МЕРЗІМДЕРІ

- 11.1. Серіктестік кез келген қатысушының талабымен Серіктестіктің қызметіне қатысты құжат көшірмелері мен Қатысушылардың мүдделеріне қатысты Серіктестіктің қызметі туралы ақпаратты ұсынуға міндетті.
- 11.2. Ақпарат «Шаруашылық серіктестіктер туралы» ҚР Заңының ережелеріне сәйкес серіктестікке қатысушының мүдделерін қозғайтын болып танылады;
- 11.3. Бас директордың орналасқан жері бойынша серіктестік қызметінің бүкіл мерзімі ішінде сақтауға жататын серіктестік қызметіне қатысты құжаттарға мыналар жатады:
- 11.3.1. Серіктестік жарғысы, серіктестік жарғысына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар;
- 11.3.2. Серіктестік құру туралы шешім;
- 11.3.3. Құрылтай шарты, құрылтай шартына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар (ол серіктестікте болған кезде);
- 11.3.4. Серіктестіктің белгілі бір қызмет түрлерімен айналысуына немесе белгілі бір әрекеттер (операциялар) жасауына рұқсаттар (оның ішінде лицензиялар), хабарламалар;
- 11.3.5. Серіктестіктің өз балансында тұрған (болған) мүлікке құқығын растайтын құжаттар;
- 11.3.6. Серіктестіктің филиалдары мен өкілдіктері туралы ережелер;
- 11.3.7. Серіктестік органдары оларға қатысты барлық материалдармен қабылдаған шешімдер;
- 11.3.8. Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда көзделген серіктестіктің қызметіне қатысты өзге де құжаттар.
- 11.4. Қатысушыларға осы жарғының 11.2 және 11.3 тармақшаларында көрсетілген құжат көшірмелері мен ақпаратты Бас директор Серіктестікке осындай Қатысушының тиісті сұратуы келіп түскен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде ауызша немесе жазбаша нысанда ұсынады.
- 11.5. Бас директор Қатысушыларға сотта корпоративтік дау бойынша істің қозғалғаны туралы ақпарат беруге міндетті. Сотта корпоративтік дау бойынша істің қозғалғаны туралы ақпарат Қатысушыларға сол Жалпы жиналысының шешімінде қарастырылған тәртіппен Серіктестік сәйкес сот шақыртуын немесе корпоративтік дау бойынша азаматтық іске қатысты шақыртуды алған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынылуы тиіс.
- 11.6. Кез келген Қатысушының жазбаша хабарламасы негізінде осы хабарламаны алғаннан кейін 10 (он) күнгізбелік күнің ішінде Серіктестік Қатысушыдан алынған хабарламада қатысу үлесін сатып алушы ретінде көрсеткен тұлғаға осы жағының 11.2 тармағында көрсетілген Серіктестіктің қызмет туралы ақпаратты ұсынуға міндетті, бірақ қатысу үлесін сатып алушы Серіктестікпен конфиденциалдылық туралы сәйкес келісімге қол қоюы тиіс.
- 11.7. Қазақстан Республикасының заңнамасы мен осы жарғыға сәйкес міндетті түрде жариялауға жататын Серіктестіктің қызметі туралы ақпаратты жариялау үшін қолданылатын бұқаралық ақпарат құралы болып «Юридическая газета»\«Заң газеті» және (немесе) «Деловой Казахстан»\«Қазақстан іскері», газеттері сонымен қатар интернет-ресурстар: www.ets.kz, www.kc-etc.kz.

12-бап. СЕРІКТЕСТІКТІҢ ТАЗА ТАБЫСЫН БӨЛУ

- 12.1. Серіктестіктің алған таза табысы Қазақстан Республикасының заңнамасында, Серіктестіктің құрылтай шарты мен осы жарғыда белгіленген тәртіппен Жалпы жиналыстың шешімі бойынша бөлінеді, сонымен қатар Серіктестіктің ортақ қажеттіліктеріне, Серіктестік қызметкерлерінің қосымша еңбек ақы төлеміне, Қатысушыға дивидендін төлеуге жұмсалуы мүмкін.
- 12.2. Қатысушылар арасында Серіктестіктің бір тоқсан, жарты жыл немесе бір жыл ішіндегі өз қызметінің нәтижелері бойынша алған таза табысын бөлу Серіктестіктің бір тоқсандағы, жарты жылдағы немесе бір жылдағы қызметінің нәтижесін бекітуге арналған жалпы жиналыс шешіміне сәйкес жүргізілуі мүмкін.
- 12.3. Жалпы жиналысы Серіктестіктің таза табысын (оның бір бөлігін) Қатысушылардың арасында бөлу туралы шешім қабылдаған жағдайда Серіктестік оның төлемін ақшалай нысанда осы шешім қабылданған күннен бастап 1 (бір) айдың ішінде жүргізуі тиіс.
- 12.4. Жалпы жиналысы таза табысты немесе оның бір бөлігін бөліністен алып тастау туралы шешім қабылдауға құқылы.
- 12.5. Серіктестіктің бүкіл жарғылық капиталы толығымен төленгенше Серіктестіктің таза табысты бөлуге құқығы жоқ.

13-бап. ЕСЕПКЕ АЛУ ЖӘНЕ ЕСЕПТІЛІК

- 13.1. Серіктестік Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өз қызметін есепке алудың барлық түрін жүзеге асырады, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасы сәйкес өз қызметі нәтижелерінің бухгалтерлік есебін, салықтық, статистикалық және қаржы есептілігін жүргізеді.
- 13.2. Серіктестіктің қаржы жылы бір күнгізбелік жылдың 1 қаңтарынан 31 желтоқсанына дейін белгіленеді.
- 13.3. Серіктестік есепке алу мен есептілікті жүргізу тәртібі мен дұрыстығын сақтамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.
- 13.4. Серіктестікте тексеру комиссиясын (Ревизорды) құрудан және/немесе оны жалпы жиналыс бекіткенге дейін оның қаржылық есептілігінің дұрыстығын тексеру және растау үшін тағайындаудан бас тартқан жағдайда, серіктестік серіктестікпен, қатысушылармен және Бас директормен мүліктік мүдделерімен байланысты емес аудиторлық ұйымды тартуға құқылы. Аудиторлық ұйымды таңдауды серіктестік Директоры қатысушылардың жалпы жиналысының шешіміне сәйкес жүзеге асырады.

14-бап. СЕРІКТЕСТІКТІ ҚАЙТА ҚҰРУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

- 14.1. Серіктестікті қайта құру қосу, біріктіру, бөлу, бөліп шығару немесе өзгерту жолымен жүзеге асырылады.
- 14.2. Серіктестіктің қосатын, біріктіретін немесе өзгертетін кезде оның құқықтары мен міндеттері тапсыру актісіне сәйкес жаңа заңды тұлғаларға өтеді.
- 14.3. Серіктестікті бөлетін кезде оның барлық құқықтары мен міндеттері бөлініс балансына сәйкес жаңа құрылған заңды тұлғаға өтеді.
- 14.4. Серіктестіктің құрамынан бір немесе бірнеше заңды тұлғалар бөлініп шыққан жағдайда олардың әрқайсысына құқықтар мен міндеттемелер бөлініс балансына сәйкес өтеді.
- 14.5. Барлық қайта ұйымдастыруларға қатысты тапсыру актісі және бөлініс балансы оны қайта ұйымдастыру туралы шешім қабылдаған Серіктестікке қатысушылардың жалпы жиналысымен бекітіледі және тараптармен дауланатын міндеттемелерді қоса алғанда, барлық кредиторлар мен дебиторларға қатысты Серіктестіктің барлық міндеттемелерін тапсыру туралы ережелер көрсетілуі тиіс.
- 14.6. Серіктестікті қайта құрумен байланысты барлық рәсімдер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.
- 14.7. Серіктестік мына жағдайларда таратыла алады:
 - 14.7.1. Жалпы жиналыстың шешімі бойынша ерікті түрде; немесе
 - 14.7.2. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздемелер бойынша сот шешімімен мәжбүрлі түрде.

- 14.8. Серіктестікті ерікті жолмен таратуды тарату комиссиясы жүзеге асырады. Тарату комиссиясының сандық құрамын, уәкілеттігін және сыйақы мөлшерін Жалпы жиналыс белгілейді.
- 14.9. Күштеп тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.
- 14.10. Ұлттық бизнес сәйкестендіру нөмірлерінің тізілімінен шағарылған сәттен бастап Серіктестік таратылған және өз қызметін тоқтатқан болып есептеледі.

15-бап. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 15.1. Осы Жарғының қайсы бір ережесі өз күшінен айрылатын болса, бұл қалған ережелерді қозғамайды.
- 15.2. Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін жарғыға енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар Жалпы жиналысының шешімімен енгізіледі және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен тіркеледі.
- 15.3. Осы жарғымен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасы мен Серіктестік органдарының шешімдеріне сәйкес шешіледі.
- 15.4. Осы Жарғы 6 (алты) түпнұсқа данада жасалды: үш данасы қазақ тілінде және үш данасы орыс тілінде, бірдей заңды күші бар.

Қатысушылардың қолдары:

1. Жеке компания QazX Ltd., Жарғы негізінде әрекет ететін Бас атқарушы директор Р.Н. Мұхамедов тұлғасында:



Мұхамедов Руслан Идрисович

2. Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «Stock Holding», Жарғы негізінде әрекет ететін Директор А.Н. Орынбаева тұлғасында:



Орынбаева Айжан Нұрсарыбековна

Статья 1. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ

1. Настоящий устав Товарищества с ограниченной ответственностью «Клиринговый центр ЕТС», юридического лица, созданного и зарегистрированного в соответствии с законодательством Республики Казахстан, дата первичной государственной регистрации которого: 03.08.2009 года, БИН: 090840000906, далее именуемого как «Товарищество», является документом, определяющим правовой статус Товарищества.
2. Местом нахождения Товарищества является: Республика Казахстан, 050051, г. Алматы, пр. Достык, 136.
Указанное место нахождения является фактическим адресом Товарищества.
3. Полное фирменное наименование Товарищества:
на казахском языке: «ЕСЖ клиринг орталығы» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;
на русском языке: Товарищество с ограниченной ответственностью «Клиринговый центр ЕТС»;
на английском языке: Clearing house ETS Limited Liability Partnership.
4. Сокращенное фирменное наименование Товарищества:
на казахском языке: «ЕСЖ КО» ЖШС;
на русском языке: ТОО «КЦ ЕТС»;
на английском языке: CH ETS LLP.
5. Товарищество создано на неопределенный срок.
6. Товарищество является субъектом среднего предпринимательства.
7. Участниками Товарищества являются:
 - 1) Частная компания QazX Ltd., БИН 221140900414, юридический адрес: 010000, г. Астана, пр. Мангилик Ел, здание 55/21, офис 353, Филиал АО «ForteBank» в г. Алматы, БИК IRTYKZKA, ИИК KZ9696502F0017723511 в лице Главного исполнительного директора Мухамедова Р.Н., действующего на основании Устава - доля в уставном капитале составляет 54,4%.
 - 2) Товарищество с ограниченной ответственностью «Stock Holding», БИН 180540003205, юридический адрес: 050008, г. Алматы, Бостандыкский район, пр. Абая, дом 68/74, 423, Филиал АО «Bereke Bank» в г. Астана, ИИК: KZ30914012203KZ00NMV, БИК: BRKEKZKA в лице директора Орынбаевой А.Н., действующей на основании Устава - доля в уставном капитале составляет 45,6%,
далее совместно именуемые «Участники», а по отдельности — «Участник».

Статья 2. ЮРИДИЧЕСКИЙ СТАТУС ТОВАРИЩЕСТВА

